



Ауғандықтарды қорғау – НАТО-ның жауапкершілігі

3-бет



Нарықты монополистерден арылту мүмкін бе?

6-бет



Жамбылдағы төтенше жағдайдың себебі неде?

7-бет

# EGEMEN QAZAQSTAN

№164 (30143) 1 ҚЫРКҮЙЕК, СӘРСЕНБІ 2021 ЖЫЛ

Жүз жылдық жылынама

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

## Жаңа Қорғаныс министрін таныстырды



Суретті түсірісіндер А.ДУКЕНБЕК, Г.ГОМІРГЕКОВ

Қазақстан Президенті – Жоғарғы Бас Қолбасшы Қасым-Жомарт Тоқаев Қорғаныс министрлігінің басшылық құрамымен кездесу өткізіп, жаңадан тағайындалған министр Мұрат Бектановты таныстырды, деп хабарлады Мемлекет басшысының баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысы жаңа министрдің білімі мен тәжірибесі Қарулы Күштерге жүктелетін міндеттерді орындауға септігін тигізетініне сенім білдірді. Қасым-Жомарт Тоқаев әскер әлемдегі және аймақтағы күрделі жағдайда кез келген сыртқы қауіп-қатерге тойтарыс беруге, мемлекетіміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болуы керек екенін айтты. Президент Арыс пен Жамбыл облысының Байзақ ауданындағыдай төтенше оқиғаларға жол бермеудің аса маңызды екеніне

тоқталды. Бұл ретте Жоғарғы Бас Қолбасшы ок-дәрілер қоймаларындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде берген тапсырмасын әскерилердің есіне салып, бұл бағытта бірқатар жұмыс жасалғанын, дегенмен әлі де шешімін күткен түйінді мәселелердің бар екенін атап өтті. Мемлекет басшысы Қорғаныс министрлігіне бірқатар міндет жүктелді. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Қарулы Күштерін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын толықтай жүзеге

асыру қажет екеніне, әскери қауіпсіздіктің сын-қатерлеріне шұғыл әрекет ету үшін басқару органдарының дайындық іс-шараларын жалғастыра беруге назар аударды.

Президент Қарулы Күштерді жабдықтау бойынша міндеттемелерді орындау барысында отандық қорғаныс өнеркәсібі кешенімен келісіп жұмыс істеуді тапсырды. Сонымен қатар офицерлер мен келісімшарт бойынша алынатын қызметкерлерге сапалы дайындық жүргізуді қамтамасыз етуге, офицерлер мен генералдар қатарында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге шақырды.

Жоғарғы Бас Қолбасшы ок-дәрі сақтайтын барлық қоймалар және басқа да қару-жарақ сақтайтын жерлерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде түбегейлі

шешім қабылдауды, сондай-ақ елді мекендерден алыс жерде ок-дәрі сақтайтын заманауи қоймалар салу жұмыстарын жылдамдатуды тапсырды. Бұған қажетті қаражат «Қауіпсіз ел» ұлттық жобасынан қарастырылуға тиіс.

Мемлекет басшысы жиын соңында жаңа министрге және барлық әскерилерге аса жауапты қызметте табыс тіледі. Тағайындалған министр Мұрат Бектанов Үкімет мүшесі ретінде ант қабылдады.

Жиын барысында отставкаға кеткен бұрынғы министр Нұрлан Ермекбаев сөз сөйлеп, Президенттен, Жамбыл облысының Байзақ ауданында болған қайғылы оқиғадан қаза тапқандардың ағайын-туысынан және зардап шеккендерден кешірім сұрады.

### РЕСМИ

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

##### М.К. Бектановты тағайындау туралы

Мұрат Кәрібайұлы Бектанов Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2021 жылғы 31 тамыз № 649

### ХРОНИКА

Мемлекет басшысының Жарлығымен Нұрлан Байұзақұлы Ермекбаев Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі лауазымынан босатылды.

\*\*\*

Мемлекет басшысының өкімімен Мұрат Кәрібайұлы Бектанов Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығы лауазымынан босатылды.

#### Мұрат Кәрібайұлы БЕКТАНОВ



1965 жылы туған. Киев жоғары жалпы әскери командалық училищесін, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери академиясын, Ресей Федерациясы Қарулы Күштері Бас штабының Әскери академиясын бітірген. Мамандығы бойынша әскери білімі жоғары офицер, әскери және мемлекеттік басқару маманы.

Мотоатқыштар взводның командирі, десанттық-шабуылдау взводның командирі, жеке мотоатқыштар батальонының штаб бастығы, Республикалық ұлан Орталық аппаратының Әскери қызмет және әскерлер дайындығы департаментінің бастығы лауазымдарында қызмет атқарды.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Жедел жоспарлау департаменті бастығының орынбасары, Стратегиялық жоспарлау департаментінің бастығы лауазымдарында қызмет етті.

Әр жылдары «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы бастығының бірінші орынбасары, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері Құрлық әскерлерінің бас қолбасшысы болып тағайындалды.

2019 жылдың сәуірінен бастап Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығы.

II дәрежелі «Даңқ» орденімен және мерекелік медальдармен марапатталған.

Үйленген, екі бала тәрбиелеп отыр.

### 1 ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ КҮНІ

## Жаңа оқу жылы дәстүрлі форматта басталады

Пандемия көп нәрсеге көзімізді жеткізді. Соның ішінде білім алушыларға оқу ордасының орны, ұстаздардың рөлі қаншалықты маңызды екенін ұғындық. Карантин кезіндегі қашықтан оқыту білім сапасының төмендеуіне әсер етті. Сондықтан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке биылғы оқу жылын дәстүрлі форматта бастауды тапсырды.

Айдана ШОТБАЙҚЫЗЫ, «Egemen Qazaqstan»

Мінеки, енді сол қоғам болып күткен үйреншікті оқу жүйесіне қайта көштік. Жаңа

оқу жылы еліміздегі білім беру ұйымдарында штаттық режимде басталды. Балалар балабақшаға, оқушылар мектепке, студенттер колледждер мен университеттерге барып оқиды. Десек те қашықтан

оқытудың тиімді технологиялары білім беру жүйесінде қолданыла береді және карантин кезіндегі оқуда кеткен олқылықтардың орнын толтыру жұмыстары да жыл бойына жүргізілмек. Бұл туралы Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов: «Біз білім берудің дәстүрлі форматына көштік, алайда балаларға ыңғайлы платформаларды үзбей қолдана беруіміз керек», деген болатын.

(Соңы 8-бетте)

## Жер шоқтығы – Көкшетау



ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

РУХАНИ ЖАНҒЫРУ

Еліміздің бас басылымы – «Egemen Qazaqstan» ұйымдастырған «Атамекен» экспедициясы Нұр-Сұлтан қаласынан бастау алып, жер жанның Көкшетауда жалғасын тапты. Экспедицияға қатысушыларды облыс орталығының зиялы қауымы қарсы алып, шашу шашып, құрмет көрсетті. Сапарларына оң болсын айтып, игі бастамаларына тілектестік білдірді.

Байкал БАЙӘДІЛ, «Egemen Qazaqstan»

Облыстық әкімдікте өткізілген жүздесу барысында облыс әкімінің орынбасары Айна

Мысырәлімова ақжарма тілегін білдірді. Аяулы атамекеннің қатпар-қатпар тылсын тарихын індеп іздеп, жалпақ жұртқа жарқырата көрсетіп, рухани нәр берумен бірге, Тәуелсіздіктің

30 жылдығымен тұспа-тұс келіп отырған бағалы бастаманың жер жанның Көкше баурайынан бастау алуын жақсы ырымға санады. Өз сөзінде еліміздің рухани жаңғыруына байланысты атқарылып жатқан қиуар шаруаға тоқталды. Биылғы жылдың алғашқы жартыжылдығында облыс өңірінде ұзын-ырғасы бес мыңға жуық әртүрлі форматтағы іс-шара өткізіліп, 700 мыңнан астам адамды қамтыған. Соның ішінде ел назарын ерекше аударған арнаулы жобаның бірі – «Туған жер».

(Соңы 5-бетте)

## Телефон арқылы сөйлесті

Қасым-Жомарт Тоқаев Франция Президенті Эммануэль Макронмен телефон арқылы сөйлесті, деп хабарлады Мемлекет басшысының баспасөз қызметі.

Франция тарапының бастамасымен Қасым-Жомарт Тоқаев Эммануэль Макронмен телефон арқылы сөйлесіп, екіжақты қарым-қатынастың өзекті мәселелерін және Ауғанстандағы жағдайды жан-жақты талқылады. Мемлекет басшысы стратегиялық серіктестік деңгейіне жеткен Қазақстан мен Франция арасындағы өзара тиімді байланыстардың дамуына тоқталды.

– Француз Республикасы – экономикалық әлеуеті жағынан әлемдегі бесінші ел, біздің негізгі серіктесіміз. Біз нақты нәтиже беретін бірлескен бәсеңді жұмыстарға, бірінші кезекте экономика саласына ерекше мән береміз, – деді Қазақстан Президенті. Қасым-Жомарт Тоқаев Францияны біздің экономикамызға 2005 жылдан бері 17 миллиард қаржы салуы арқылы

инвесторлардың алғашқы бесігіне кіріп отырғанын атап өтті. 2020 жылдың қорытындысы бойынша өзара сауда көрсеткіші – 2,8 миллиард долларды құраған. Эммануэль Макрон Қазақстанмен арадағы сауда-экономикалық және саяси байланыстарды тереңдету түсуге мүдделі екенін жеткізді.

Мемлекеттер басшылары үкімет деңгейіндегі байланыстарды жандандыруға дайын екендерін нақтылады. Президенттер Қазақстан мен Франция ынтымақтастығына серпін беретін жобалардың жүзеге асуына назар аударуға уағдаласты.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эммануэль Макрон Ауғанстандағы ахуал жөнінде пікір алмасты.

(Соңы 2-бетте)

\*\*\*

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенкомен телефон арқылы сөйлесті, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Мемлекеттер басшылары Қазақстан мен Беларусь қарым-қатынасының негізгі аспектілерін талқылады.

Президенттер екі ел арасындағы сауда-экономикалық дамудың оң динамикасын атап өтті.

Екі ел басшылары халықаралық және аймақтық күн тәртібінің өзекті мәселелері

бойынша да пікір алмасты. Қазақстан мен Беларусь Республикасының Еуразия кеңістігіндегі интеграциялық құрылымдар аясында өзара ынтымақтастығына ерекше назар аударылды.

Әңгіме соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Александр Лукашенконы туған күнімен құттықтады.

## Мерекемен құттықтады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғызстан Президенті Садыр Жапаровқа жеделхат жолдап, қазақстандықтардың және жеке өзінің атынан Қырғызстан басшысын және қырғыз халқын ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен шын жүректен құттықтады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

«Бұл – егемен Қырғызстан тарихындағы ұлттың бірлігін, тұрақтылығын, жасампаздық рухын бейнелейтін, мемлекеттілікті одан әрі нығайту, Қырғыз елінің ұзақмерзімді және тұрақты дамуы үшін мәңгілік маңызды күн», делінген жеделхатта.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ-қырғыз қатынастарының дамуын жоғары бағалады.

– Тарихы терең бауырлас халықтардың ортақ мүдделері мен гасырлар бойғы достығы және татукөршілік дәстүрін сақтай отырып, тәуелсіздіктің алғашқы сәтінен-ақ қазақ пен

қырғыз иық тіресіп, өзара жетістіктерге шынайы қуанып, бір-біріне үнемі қолдау көрсетіп келеді. Күш-жігерімізді жұмылдырып, көпқырлы ынтымақтастығымыздың тұрақты дамуына тың серпін бере алатынымызға сенімдімін. Бұл қазақ-қырғыз стратегиялық серіктестігі мен одақтастығы үшін жаңа көкжиектерге жол ашады, – деп жазды Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Садыр Жапаровтың жауапты мемлекеттік қызметіне талайы табыс, бауырлас қырғыз халқына өркендеу мен өрлеу тіледі.



## Телефон арқылы сөйлесті

(Соңы. Басы 1-бетте)

Президенттер аймақтың тұрақтылығы, қауіпсіздігі мен орнықты дамуына қатысты мәселелерде жиі ақылдасып тұруға келісті. Мұндай жұмыстар екіжақты деңгейде де, БҰҰ алаңында және халықаралық форматта да жүзеге асырылмақ.

Франция Президентінің өтініші бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев оған Қазақстанның

Ауғанстандағы жағдайды тұрақтандыруға қатысты көзқарастары мен біздің үкіметтің эвакуациялау жөнінде қабылдаған шаралары туралы айтып берді. Эммануэль Макрон Қазақстанның өз аумағында БҰҰ-ның Ауғанстандағы миссиясының қызметкерлерін және әлемдік ұйымның басқа да агенттіктерін орналастыру туралы шешімін жоғары бағалады.

## Көңіл айту жеделхатын жолдады

**f** Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев белгілі қаламгер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Несіпбек Дәуітұлының дүниеден өтуіне байланысты оның отбасы мен жақын туыстарына көңіл айту жеделхатын жолдады. Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли өзінің Facebook-тегі парақшасында жазды.

«Несіпбек Дәуітұлы баспасөз саласында жемісті жұмыс істеді. Қазақстан Жазушылар одағының Жамбыл облысы бойынша филиалына жетекшілік етті. Еліміздің рухани-мәдени байлығын арттыруға мол үлес қосты. Қарымды

қаламгер ретінде шығармашылық жолдағы табыстары да өте мол. Тартымды туындылары оқырмандар тарапынан жоғары бағасын алды, әдеби сыйлықтарға ие болды.

Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын», делінген жеделхатта.

## Форумға қатысады

**f** 3 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путиннің шақыруымен бейнеконференция форматында өтетін Шығыс экономикалық форумына қатысады. Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли өзінің Facebook-тегі парақшасында жазды.

«Жыл сайын Владивостокта өтетін форумның биылғы тақырыбы «Күбыл-малы әлемдегі Қиыр Шығыстың жаңа мүмкіндіктері» деп аталады. Іс-шара

барысында Азия-Тынық мұхиты аймағы сауда-экономикалық ынтымақтастығының жаңа механизмдері талқыланып, делінген жазбада.

## Жолдауын жариялайды

**f** 1 қыркүйекте, сағат 11:00-де Қазақстан Парламенті Палаталарының бірлескен отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауын жариялайды. Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли өзінің Facebook-тегі парақшасында жазды.

«Жолдау еліміздің алдағы әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын айқындайды. Іс-шара барлық рес-

публикалық телеарналардан тікелей эфирде көрсетілетін болады», делінген Б.Уәлидің Facebook-тегі парақшасында.

## Онлайн қабылдау кестесі



Nur Otan партиясы орталық мемлекеттік органдар басшыларының қыркүйек айында азаматтарды қабылдау кестесін жариялады. Карантиндік шектеулер ескеріле отырып, олар Республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесі алаңында онлайн форматта өтеді.

### Жолдыбай БАЗАР, «Egemen Qazaqstan»

Сонымен 1 қыркүйекте азаматтарды қабылдауды Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары Нұрлан Әбдіраманов, 3 қыркүйекте – Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары Марат Омаров, 8 қыркүйекте – «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма төрағасының орынбасары Шыңғыс Темір өткізеді.

Азаматтарды партия алаңында 10 қыркүйекте – Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, 15 қыркүйекте – Ауыл шаруашылығы

3. komek@nurotan.kz

Айта кету керек, жыл басынан бері партияның қоғамдық қабылдау бөлмесіне 103 мың азамат өтініш білдіріп, партия мүшесі болып табылатын мемлекеттік органдардың басшылары 20 мыңға жуық қабылдау өткізді.

Талдау көрсеткендей, өтініштердің басым бөлігі әлеуметтік қамсыздандыру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелерімен байланысты. Бүгінде 103 мың өтініштің 43%-ы жедел шешіліп, 54%-ы бойынша консультативтік, құқықтық және басқа да көмек көрсетілді, қалған 3%-ы орындалу үстінде.

Сондай-ақ Республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесі алаңында заңгерлермен, адвокаттармен, медиаторлармен және нотариустармен ақысыз консультативті онлайн кездесулер ұйымдастырылды. Оған жоғарыда көрсетілген байланыстар арқылы жазылуға болады.

## Халық бірлігі – рухани келісім негізі



Алматы қаласында Достық үйінде «Конституция – Қазақстан халқының бірлігі мен рухани келісімінің негізі» тақырыбында өткен республикалық дөңгелек үстелде егеменді еліміздің құқықтық және демократиялық мемлекет ретінде қалыптасуы, қоғамдық келісім мен бірліктің қазақстандық моделін дамытудағы Конституцияның тарихи ролі талқыланды.

### Эльвира СЕРІКҚЫЗЫ, «Egemen Qazaqstan»

Іс-шараға Парламент Мәжілісінің депутаттары, мемлекеттік органдардың өкілдері, этномәдени бірлестіктердің жетекшілері мен мүшелері, ҚХА қоғамдық құрылымдарының, Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедралары, ғылыми және шығармашылық интеллигенция, этномәдени бірлестіктер жастары, ҚХА «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысының мүшелері мен БАҚ өкілдері қатысты.

Дөңгелек үстел спикерлері – Парламент Мәжілісінің депутаттары Әбілғас Хамедов, Вакиль

Набиев, Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының ректоры Өмірәлі Жалайри, сондай-ақ баяндамашылар демократиялық саяси жүйесі, ашық нарықтық экономикасы, бейбіт саясаты бар қазіргі Қазақстанның дамуына Ата Заңның негіз болғанын әрі еліміздің әлемдегі беделінің өсуіне ықпалын тигізгенін атап өтті.

Конституция қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайтудың, азаматтарға этноссына карамастан, тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің іргелі негіздерін бекітті. Негізгі Заңға сәйкес, Қазақстан Республикасының әрбір азаматы ана тілін қолдануға, қарым-қатынас, білім беру, оқу және шығармашылық

тілін еркін таңдауға құқылы. Ата Заң барлық этностық топтардың қауіпсіздігін, салт-дәстүрлерін, тілі мен мәдениетін еркін дамытуға мүмкіндік береді. Ал этносаралық және конфессияаралық келісімді бұзатын кез келген әрекеттер конституциялық емес деп танылады.

Қазақстанда тұратын этнос өкілдері мемлекеттік тілді үйренудің маңыздылығын түсінуде, жылдан-жылға қазақ тілінде сөйлейтін жастардың қатары өсіп келеді. ҚХА да осы бағытта жұмыс істеп, мемлекеттік тілді үйренуге арналған түрлі жобаларды жүзеге асыруда. Мұның бәрі елдің дамуына, барлық қазақстандықтардың болашақ үшін бірлескен және жемісті жұмысына берік негіз құрайды.

Қатысушылар барлық этнос өкілдерін табысты дамуың, қазақстандық қоғамда бірлік пен келісімнің сақталуының негізі болып табылатын Ата Заңда жарияланған нормаларды бұлжытпай сақтауға шақырды.

## Жалпы білім беретін жаңа форматтағы мектептер ашылды

Премьер-Министр Асқар Мамин Нұр-Сұлтан қаласында BINOM және Quantum STEM School инновациялық мектептерінің ашылуына қатысты, деп хабарлады Үкіметтің баспасөз қызметі.



BINOM School – қазақстандық жалпы білім беру үдерісіне озық әдістемелерді енгізетін жаңа бренд. 2021-2022 жылдары елордада осы форматтағы 6 мектеп ашылады. Әрбір оқу орны екі ауысымда 4 мың оқушыға шақталған. Оқыту отандық модель мен Финляндия, Ұлыбритания және Оңтүстік Кореяның алдыңғы қатарлы халықаралық жүйелері негізінде ұйымдастырылған. Жобаны BI Group холдингі Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігімен бірлесіп мемлекет-жекеменшік әріптестігі қағидағы бойынша жүзеге асырып жатыр.

Ауданы 22 мың шаршы метрден астам әрбір BINOM мектебінде 127 кабинет, физика, химия, биология, нано және биотехнология бойынша 9 кеңейтілген зертхана, 100 орындық кинозал, мұғалімдер мен балаларға арналған коворкинг-аймақтар, телестудия, ойын бөлмелері, смарт-сыныптар, шығармашылық эксперименттерге арналған 3D-принтер, роботтық техника кабинеттері, металл және ағаш ою шеберханалары, Speaking Club, TedxBinom, сондай-ақ қазақстандық және шетелдік жазушылардың 5 мыңнан астам танымал басылымдары жинақталған кітапхана бар. Сонымен қатар ерекше білім алу қажеттілігі бар балалар үшін ыңғайлы білім беру ортасы жасалған: жүріп-тұруы шектеулі оқушыларға арналған лифтілер, пандустар, көтергіштер, биіктігі реттелетін үстелдер мен парталар, тактильді жолақтар және т.б. қажеттіліктермен қамтылған.

Үкімет басшысы мектеп мұғалімдерімен кездесті. BINOM мектебіне

мұғалімдерді іріктеу Jumys Smart Nation ірі интернет-платформасында өтті. Екі кезеңдік конкурстық іріктеудің нәтижелері бойынша мектепке республиканың әр өңірінен 300 педагог қабылданды.

Елордада ашылған Quantum STEM School жекеменшік желісінің алғашқы инновациялық мектебі 1 020 орынға арналған. Мектеп математика, ғылым және инженерия пәндерін тереңдетіп оқытатын Сингапур мен АҚШ-тың үздік оқу әдістемелерінің озық тәжірибесіне негізделген. Мұнда оқушылар жалпы білім беру пәндерімен қатар, интеграцияланған инженерлік бағдарлама (Integrated Engineering Program), спорттық бағдарламалау, авиамодельдеу және т.б. курстарды меңгереді. Алдағы жылдары бүкіл ел бойынша 20 Quantum STEM School салу жоспарда бар.

«Мемлекет-жекеменшік әріптестігі моделі бойынша инновациялық оқу орындарын салуды арттырып, жекеменшік мектептер желісін дамыту қажет. Бизнеспен бірлесіп іске асырылған озық оқу орындарын құру

жобалары орта білім берудің жаңа стандарттарын қалыптастыруға үлгі болады», деді А.Мамин.

Nur Otan партиясының сайлау-алды бағдарламасын іске асыру аясында 2021 жылдан бастап 2025 жылға дейінгі кезеңде елімізде 800 жаңа мектеп пайдалануға беріледі. Биыл 200 мектепті пайдалануға беру жоспарланған, оның ішінде мақсатты құрылыс есебінен – 163 мектеп, МЖӘ тетігі есебінен – 6 мектеп, жекеменшік мектептер желісін дамыту есебінен 31 мектеп берілмек.

Осы жылы 200 мектептің ашылуы басым тәртіптен апатты және үш ауысымды мектептердің проблемаларын шешуге, сондай-ақ оқушы орындарының тапшылығын қысқартуға мүмкіндік береді.

Мектептердің ашылу салтанатына Премьер-Министрдің орынбасарлары Роман Скляр мен Ералы Тоғжанов, Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов және т.б. қатысты.

## Ниет хаттамасына қол қойылды

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған іс-шаралар аясында Женева қаласында (Швейцария) Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының делегациясы БҰҰ бөлімінің Женевадағы кітапхана және архив директоры Франческо Пизаномен кездесті.

### Жолдыбай БАЗАР, «Egemen Qazaqstan»

Іс-шара БҰҰ-ның Женевадағы бөлімшесінің бас директоры Татьяна Валова мен еліміздің аталған бөлімшедегі тұрақты өкілі Жанар Айтжанованың қатысуымен өтті. Тараптар Елбасы кітапханасы мен БҰҰ бөлімінің Женевадағы кітапханасы арасындағы ынтымақтастық жоспарын талқылап, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасы мен БҰҰ бөлімінің Женевадағы кітапхана және архиві арасындағы ниет туралы хаттамасына қол қойды. Құжат архив, тарих салаларындағы көпжақты халықаралық қарым-қатынастар мен құндылықтарды зерттеудің ынтымақтастығын, Біріккен Ұлттар Ұйымының қызметі мен Қазақстанның тарихи мұрасын зерттеудегі серіктестікті көздейді.

Жиында Елбасы кітапханасының директоры Бақытжан Темірболат: «Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың тарихи шешімінің арқасында Семей ядролық полигонын жаппай Қазақстан қарусыздану саласы көшбасшыларының бірі болып мойындалды. 2009 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы бірауыздан қарар қабылдап, 29 тамызды Ядролық сынақтарға қарсы іс-қимылдың халықаралық күні деп жариялады. Бейбітшілік пен жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған көптеген басқа бастамалар сияқты мұны да Елбасы ұсынды. Оның «Әлем. XXI ғасыр» манифесті Бас Ассамблея мен БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің ресми құжаты мәртебесін алды. Қазіргі геосаяси тұрақсыздық жағдайында

Қазақстанның бітімгер және ядролық қаруға тыйым салу идеясының авторы ретінде ролі зор. Бұл бағытты 2011-2013 жылдар аралығында БҰҰ Бас хатшысының орынбасары және Женевадағы БҰҰ Еуропа бөлімінің басшысы болып жұмыс істеген Мемлекет басшымыз Қ.Тоқаев жалғастырып келеді», деді.

БҰҰ-ның Женевадағы бөлімшесінің бас директоры Татьяна Валова да Қазақстанның ядролық қарусыздануға қосқан үлесіне тоқталып, өзара байланысты одан әрі нығайтудың маңыздылығын атап өтті.

«Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасымен қарым-қатынас орнату біз үшін үлкен мәртебе. Н.Ә.Назарбаев – XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы әлемдік деңгейдегі ірі саясаткерлердің бірі. Оның есімімен аталған мекеменің архиві мен кітапханасын көпшілікке қолжетімді ету – ақылмен табылған ой. Бүгінде кітапхана – әрі ғылыми орталық, әрі маңызды халықаралық іс-шаралардың ұйытқысы. БҰҰ Қазақстан Республикасының екіжақты ынтымақтастықтағы тұрақты ұстанымын және негізгі бастамаларын, атап айтқанда, қарусыздану, ұлттаралық және конфессияаралық диалог құру сияқты идеяларын жоғары бағалайды. Зерттеушілердің біздің кітапханаға да, Елбасы кітапханасына да қызығушылығы зор», деді Т.Валова.

Оның айтуынша, 1946 жылы Ұлттар Лигасының барлық архиві мен басылымын қолға алған БҰҰ кітапханасы мен архиві қазіргі уақытта өз қорын цифрландыру бойынша ауқымды жобаны жүзеге

асырып жатыр. Енді бірегей материалдар әлемнің кез келген жеріндегі зерттеушілерге қолжетімді болады. Бүгінде БҰҰ кітапханасы мен архиві қорында 17 миллионнан астам кітап бар. Кездесуде кітапханалар арасында электронды кітап алмасу ұсынылды.

Өз кезегінде Женевадағы БҰҰ кеңесі кітапханасы мен архивінің директоры Франческо Пизано былай деді: «Қарусыздану және ядролық қаруды таратпау – БҰҰ кеңесі кітапханасы мен архиві қызметінің маңызды бағыттарының бірі. Көптеген материал, құжаттар мен кітаптар аталған мәселелерді камтиды. Сондықтан да Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының да бұл мәселелермен айналысатынына қуанып отырмыз. Бұл өзара ынтымақтастығымызды нығайта түседі».

Естеріңізге салсақ, осы жылдың 30 тамызы мен 1 қыркүйегі аралығында Елбасы кітапханасы Женева қаласында халықаралық ұйымдардың өкілдерімен бірқатар іс-шара мен кездесу өтті. Олардың аясында жаһандық және аймақтық қауіпсіздіктің, архивтік және тарихи зерттеулердің, дипломатия мен халықаралық қатынастардың мәселелеріне қатысты ынтымақтастықты дамытуға бағытталған құжаттарға қол қойылды. Сондай-ақ Елбасы кітапханасы Женева саясат және қауіпсіздік орталығы ынтымақтастық меморандумы бекітілді.

Семей ядролық полигоны жабылуының 30 жылдығына және 29 тамыз – Ядролық сынақтарға қарсы іс-қимылдың халықаралық күрес күніне орай Женевада «Қазақстан – БҰҰ: Бейбітшілік үшін серіктестік» халықаралық конференциясы өтті. Конференция барысында ағылшын тіліндегі «Ядролық қарусыз әлемге бетбұрыс: Елбасы бастамалары» ғылыми жинағының тұсаукесері болды.